

**3 СЕКЦИЯ. ПЕДАГОГИКА МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**
**СЕКЦИЯ 3: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПЕДАГОГИКИ И
ОБРАЗОВАНИЯ**
**SECTION 3: MODERN TECHNOLOGIES OF PEDAGOGY AND
EDUCATION**

УДК 37.012.85

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫ ЖАҒДАЙЫНДА
МАТЕМАТИКАНЫ ДАРАЛАП ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Абдрахманов Д.Б. Жолымбаев О.М.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қ., Қазақстан
abdrahmanov-dastan@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада жаңартылған білім беру жүйесі мемлекетті дамыған елдің қатарына қосу үшін енгізілген білім саласындағы өзгеріс екендігі көрсетілген.

Сапалы әрі заман талабына сай білім қоғамның дамуының алғышарттарының бірі.

Осы мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында математиканы оқыту әдістемесіне тоқталған. Оның ішінде даралап оқытуға қатысты блок-схема арқылы тақырыпты қаншалықты ұтымды әрі тиімді түсіндіруге болатыны көрсетілген.

Мақсаты. Жаңартылған білім беру бағдарламасының дәстүрлі білім беруден артықшылықтарын көрсету. Елімізді өркендетуде осы бағдарламаның алар орыны зор екендігін көрсету.

Өзектілігі. Басқа елдермен салыстырғанда біздің жастардың өз ойын жеткізу еркіндігі төмен екендігін, сонымен қатар топпен және жұппен жұмыс жасау дағдылары қалыптаспағандығын байқау қиын емес. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін білім саласының алар орынын орасан екендігі шүбәсіз. Осы мақсатта жаңартылған білім беру жүйесін енгізу өте өзекті мәселе.

Жаңалығы. Осы бағдарлама аясында оқушыларға математикадағы кез-келген тақырыпты тиімді әрі аз уақытта түсіндіріп оқушының өз бетінші жұмыс жасауына мүмкіндік беретін блок-схема әдісін енгізу.

Кіріспе. Жаңартылған білім беру бағдарламасы енгеніне үш жыл болды. Бұл бағдарламаны біртіндеп енгізді. Бастапқыда бұл бағдарламаға наразылар көп болды әйтседе қазіргі қоғамға қаншалықты пайдалы екенін және дәстүрлі білім берудің заман ағымынан қалып бара жатқанын уақыт өте келе түсінді.

Жаңартылған білім беру жүйесінің басты міндеті заман талабына сай бәсекеге қабілетті тұлға даярлау. Егер біз осы бағдарламаны меңгеріп оны дамытсақ еліміздің өркендейтіні сөзсіз.

Бұл мақалада осы бағдарламаның аясында математиканы даралап оқыту әдістемесіне жататын блок-схема әдісіне тереңірек тоқталды.

Жаңартылған білім беру мазмұныны жағдайында математиканы даралап оқыту әдістемесі

Дамыған елдің қатарына кіру үшін, халықтың өмір сүру деңгейі арту үшін сол мемлекеттің технологиялық жағынан дамуы басты міндет. Сондықтан осы мәселеге баса көңіл бөлу керек. ³Ал жаңа технологияларды шығару үшін немесе дамыту үшін білім саласы маңызды рөл атқарады.

Қазіргі бәсекелестікті талап ететін қоғамда дәстүрлі білім беру саласында да өзгерістерді талап етті. Дәстүрлі білім өз уақытында мемлекеттің дамуына өте үлкен үлес қосты дегенмен дамыған елдің қатарынан қалмас үшін ең бірінші білім саласындағы өзгеріс заман талабы болды. 2017 жылдан бастап орта білім беру мекемелері біртіндеп

Жаңартылған білім беру бағдарламасына көшті, алғашқы болып 5 сынып пен 1 сынып оқушылары осы бағдарламамен білім алды. Жаңартылған бағдарламамен сабақ беру үшін педогог кадрларды біліктілік курстарынан өткізді. Сөйтіп үш оқу жылының ішінде мектептер толық жаңартылған білім беру мазмұнымен сабақ беруге көшті.

Жаңартылған білім беру бағдарламасында баға қою жүйесінде де елеулі өзгерістер болды, толықтай электронды форматқа өтті. Мұғалімдерден талап етілетін үш құжат олар: күнделікті бағалап отыру, сабақ жоспары және тақырыптық күнтізбелік жоспар, артық қағазбастылықтан босатылды. Оқушыларға ой еркіндігі берілді және білім беру тек қана мектептегі оқулықпен шектеліп қалмады. Оқушыларға топпен, жекелей және жұппен жұмыс жасау дағдылар қалыптастыруға аса назар аударылды.⁵ Сонымен қатар білім берудің жаңа әдіс тәсілдері пайда болды, соның ішінде саралап оқыту тапсырмаларына да тоқталды. Мысалға сыныптағы оқушылардың білім деңгейлері әртүрлі соған байланысты деңгейлік тапсырмалар берілді бос отырған оқушы болмас үшін.


¹Математика пәнін оқытудың әдістемелерін мынадай үш түрге бөлуге болады:

- жалпы әдістеме дегеніміз өзі айтып тұрғандай жалпыға ортақ математиканы оқыту қағидалары мен әдістемелері жатады;
- арнайы әдістеме дегеніміз математика курсындағы мысалға қысқаша көбейтуді оқыту әдістемесі немесе нақты бір тарауды оқыту әдістемесін айтуға болады;
- нақты әдістеме дегеніміз жалпы әдістемедегі немесе арнайы әдістемедегі жеке бір тақырыптарды, мысалға пропорция тақырыбын оқыту әдістемесін айтсақ болады.


Білім беру мазмұны өзгергенімен ондағы оқыту әдістері қалды, кейбіреуі өзгеріске ұшырады және жаңа әдістер пайда болды, сабақ беру барысында мұғалімі әдістерді өзгертіп сыныпқа қолайлы етуге немесе жаңа әдіс тәсілдерді ойлап табуына болады.

²Математиканы даралап оқыту әдістерінің бірі модельдеу әдісі. Бұл әдіс жиі қолданылады. Сонымен модельдеу үшін берілген есепке формула, диаграмма, кесте және блок-схемалар құрылады.

Бұдан өзгеде даралап оқыту әдістері жетерлік. Модельдеу әдісіне тереңірек тоқталар болсақ, оған мысал ретінде мына блок-схемаларды көрсетсем болады.



1-сурет. Квадрат теңдеуді шешу



2-сурет. Квадрат теңдеудің графигін салу

Бірінші суретте квадрат теңдеуді шешу барысында болу мүмкін барлық жағдайлардағы шығару жолы көрсетілген. Екінші суретте квадрат теңдеудің графигін салудың кезеңдері көрсетілген. Басты жаңалығы мұндай блок-схема арқылы тақырып түсіндіру ешбір мектеп оқулығында жоқ.. Сабақ ұзақтығы 40 мин және сол уақыттың

ішінде оқушыда өз бетінше жұмыс жасауға уақыты болуы керек. Мұндай блок-схемаларды математиканың көптеген тақырыптарына құруға болады.

Қорытынды

Жаңартылған білім беру бағдарламасы мемлекеттің ең сәтті енгізген өзгерістерінің бірі деп санаймын. Осы бағдарламаны негізге ала отырып дұрыс жұмыс атқарсақ мемлекетіміздің әлемде беделі арта түсетіндігі анық.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні – баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушының өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қолдана білуге баулу.

Ал оқушыға математика пәнін тиімді оқытудың әдістері өте көп соның ішінде модельдеу әдісінің маңызы ерекше. Басқа да тақырыптарға осындай блок-схемалар құру өте тиімді болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбенбаев С. Педагогика : Оқу құралы. –Астана. – 2014 .– 336 бет.
2. Бидосов Б.Е. Математиканы оқытудың әдістемесі.-А, 1995.
3. Қазақстан Республикасы Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық бағдарламасы/Айқын. 2008.
4. Қайдарова , А. Мұғалім тұлғасына талаптар. – 2003 . – №2.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.

УДК 372.881.111.1

ЖОҒАРҒЫ СЫНЫПТАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАОК ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Ақжігіт Ә.Б.

Международный университет Астана (AIU), Нұр- Сұлтан қ., Қазақстан
Asel_097kz@mail.ru

*“Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың
жаңа нысандарына бағытталған мамандандырылған
білім беру бағыттарын құру міндетіміз...”*

Н.Ә.Назарбаев

Түйіндеме. “Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енуі үшін: білімді де, зерделі, жан-жақты дамыған, дарынды қабілетті ұрпақ керек” деп, Елбасымыз Н.Назарбаев атап көрсеткендей, келер ұрпаққа сапалы білім беру аясында басты мақсат – жан – жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой – талғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу.[1] Білімнің іргетасын қалайтын негіздері мен танымдық қызығушылығы, жеке-дара шығармашылық жұмысқа деген дағдылары қалыптасқан мектептің білім беру саласындағы рөлі зор. Соған байланысты оқу-тәрбие үрдісін жақсартып, оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды кеңінен қолдана отырып, білімді терең игерудің жолдарын, әр пәннің ғылыми негіздерін игеру мәселелерін, оқушының ойлау қабілеті мен шығармашылық әрекетін дамыту, үштілділікті меңгерту сияқты ұтымды түрлеріне сүйенгеніміз жөн. Сапалы білім беру үздіксіз ізденумен тығыз байланысты. “Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу” деп, А. Байтұрсынов айтқандай, оқушыларға білім беру барысында әр сабақты түрлендіріп, заманауи тұрғыда жаңашаландыру. Заманауи тұрғыда дамыған жаңа ақпараттық технологиялардың бірі жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) пайдалану. Мұндай типтегі курстар осыдан жеті жыл бұрын қолданысқа еніп, 2012 жылы танымал